

**«Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі»
КМҚК-де мемлекеттік сатып алулар және іс-шараларды мақсатты жоспарлауында
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша талдамалық
анықтама**

Атырау қаласы

2026 жылғы 20 наурыз

«Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі» КМҚК-ның (әрі қарай- Оркестр) басшысының 2025 жылғы 10 наурыз № 33 Н/Қ бұйрығы негізінде, 2026 жылдың 11-20 наурыз аралығында Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі ретінде Оркестрдің Есеп бөлімі белгіленді.

Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Мемлекеттік сатып алулар және іс-шараларды мақсатты жоспарлау туралы;
2. Бейне ролик, клиптер, СД аудио жазба, кітаптар мен буклеттер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
3. Жарнама ұйымдастыру, радио, теледидар және баспасөз беттеріне шығу жолымен көрермендермен белсенді жұмыс жүргізу;
4. Қорытынды.

Ішкі талдау кезеңі: 2025 жылдың 01 қазан – 2026 жылдың 20 наурыз айлары.

I. Мемлекеттік сатып алулар және іс-шараларды мақсатты жоспарлауға ішкі талдау:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларынан, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзге де қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

Мемлекеттік сатып алу келесі тәсілдермен жүзеге асырылады:

1) конкурс (ашық конкурс, екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс, алдын ала біліктілікті іріктеу арқылы өткізілетін конкурс, негіздемелік келісімдер пайдаланылатын конкурс, рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклі құнының есептемесі пайдаланылатын конкурс);

- 2) аукциондарда;
- 3) баға ұсыныстарын сұрату;
- 4) бір көзден алу;
- 5) тауар биржалары;
- 6) электрондық дүкен арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіпорнында мемлекеттік сатып алу 2015 жылғы 04 желтоқсандағы ҚР «Мемлекеттік сатып алу» Заңы негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес өткізіледі.

20 маусым 2025 жылғы ішкі талдау жүргізу бойынша талдамалық анықтамаға сәйкес, яғни 2025 жылдың 6 айлығында жылдық жоспар 100 тармақтан тұрады және 101 602 815.56 теңге (ҚҚС-сыз) көлемінде жасақталып, басшымен бекітілді деп көрсетілген.

Әрі – қарай 2025 жылдың 1 қазан айынан – 2025 жылдың 31 желтоқсан айына дейін, яғни 3 ай аралықта мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарының 11 тармағы орындалып, мемлекеттік сатып алу шарты 954261,16 теңгеге жасақталды.

Сатып алу тәсілдері бойынша:

- Электронды дүкенмен сатып алу тәсілімен: 14000 теңге;
- Бағалы ұсыныныстарға сұраным тәсілімен: 940261,16 теңге.

2026 жылдың жылдық жоспар 100 тармақтан тұрады және 82941176,13 теңге (ҚҚС-сыз) көлемінде жасақталып, басшымен бекітілгені анықталды.

3 айлықта мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарының 25 тармағы орындалып, мемлекеттік сатып алу шарты 42832868,28 теңгеге жасақталды.

Сатып алу тәсілдері бойынша:

- тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден тәсілімен: 6568965,52 теңге;

- ашық конкурс: 1804138 теңге;

- Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен: 34459764,76 теңге.

2025 жылдың 1 қазан айынан 31 желтоқсан айына дейін, жоспарланған мәдени шаралар, кәсіби шығармашылық ұжымдар мен жекелеген орындаушыларды танымал етуге, халықты мәдени өмір саласына тартуға, классикалық, халықтық, музыкалық және концерттік іс-шараларға қарапайым көрермендердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге көзделген.

Соның ішінде іс – шара саны: 5

жоспарланған сома: 40486550

гастрольдік іс-сапар жоспары бойынша: 1

жоспарланған сома: 62983644

Барлығы 103470194 теңгені құрайды.

Олардың ішінде, әртістерінің жеке концерттері, классикалық, халық музыка кештері, сонымен қатар кәсіби өнер байқаулары, мемлекеттік мерекелерге арналған шаралар 30636550 теңге жоспарланған.

Авторлық сыйақылау бойынша қызметтерге 5540000 теңге бөлінген.

2026 жылдың 5 қаңтар айынан 20 наурыз айына дейін, жоспарланған мәдени шаралар, кәсіби шығармашылық ұжымдар мен жекелеген орындаушыларды танымал етуге, халықты мәдени өмір саласына тартуға, классикалық, халықтық, музыкалық және концерттік іс-шараларға қарапайым көрермендердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге көзделген.

Соның ішінде іс – шара саны: 1

жоспарланған сома: 8000000

жергілікті өнерпаздардың қаламақылары: 600000 теңге.

сырттан келген өнерпаздардың қаламақылары: 2000000 теңге.

Олардың ішінде, әртістерінің жеке концерттері, классикалық, халық музыка кештері, сонымен қатар кәсіби өнер байқаулары, мемлекеттік мерекелерге арналған шаралар 8000000 теңге жоспарланған.

II. Бейне ролик, клиптер, СД аудио жазба, кітаптар мен буклеттер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

2025 жылдың 1 қазан айынан 31 желтоқсан айына дейін, 3 ай аралықты Оркестрдің шығармашылық құрамы бейнеролик, СД аудио жазба, шығарылып, қоймаға тапсырылды. Клиптер, кітаптар мен буклеттер шығару жұмыстары жүргізілмейді.

Тек 7 концерт шарасы бойынша баннерлер мен афишалар жасалған.

2026 жылдың 5 қаңтар айынан 20 наурыз айына дейін, 3 ай аралықты Оркестрдің шығармашылық құрамы бейнеролик, СД аудио жазба, шығарылып, қоймаға тапсырылды. Клиптер, кітаптар мен буклеттер шығару жұмыстары жүргізілмейді.

Тек 1 концерт шарасы бойынша баннерлер мен афишалар жасалған.

III. Жарнама ұйымдастыру, радио, теледидар және баспасөз беттеріне шығу жолымен көрермендермен белсенді жұмыс жүргізу:

Оркестр мен "Caspian NEWS" ЖШС-і арасында 2025ж. 27 қаңтар айында №7 мемлекеттік сатып алу шарты 22 892 150 теңгеге жасақталды. Шарт бойынша көрсету қызметі 31 желтоқсан 2025 жылға дейін.

Алайда 30.12.2025ж. Оркестр мен "Caspian NEWS" ЖШС-і арасында қосымша келісім шарт жасалды. Басты себеп, Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 18 бабының 2 тармағының 3 тармақшасына сәйкес, үнемдеу шегінде жол беру мақсатында, сатып алынатын, көрсетілетін қызметтердің көлеміне қажеттіліктің азаюына не ұлғаюына байланысты шарттың сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде өзгеріс енгізілген. Яғни, 15 950 000 теңгеге жасақталды.

Оркестрдің 2025ж. жоспары негізінде, яғни 1 қазан айынан 31 желтоқсан айына дейін өткізілген шаралар бойынша атқарылған жұмыстар:

1. 02.10.2025ж. Оркестрдің жанындағы – Сармад этно-фольклорлық ансамблінің «Folk code» концерті бойынша, баннер 3м*6м 20 данада; бағдарлама шығару 40 данада; Шақыру билет 100 данада; афиша А2 – 40 данада А3 40 – данада; ПТС қызметі; бейне контент, фото-видео; Жарнамалық бейне-ролик дайындау; сайттарға, әлеуметтік желілерге ақпараттандырумен қамтамасыз ету; афиша, баннер, шақыру билет эскизі дайындалды. Жасақталған сома 1150000 теңге.

2. 19.11.2025ж. Оркестрдің күзгі әуендер топтамасынан сырлы - сазды «Вальс кеші» концерті бойынша, Баннер 3м*6м; бағдарлама шығару 40 данада; шақыру билет 100 данада; афиша А2 – 40 данада А3 40 – данада; ПТС қызметі; бейне контент, фото-видео; жарнамалық бейне-ролик дайындау; сайттарға, әлеуметтік желілерге ақпараттандырумен қамтамасыз ету; афиша, баннер, шақыру билет эскизін дайындау. Жасақталған сома 1300000 теңге.

3. 15.12.2025ж. Оркестрдің жанындағы – Сармад этно-фольклорлық ансамблінің «Folk Energy» концерті бойынша, баннер 3м*6м; бағдарлама шығару 40 данада; шақыру билет 100 данада; афиша А2 – 40 данада А3 40 – данада; ПТС қызметі; бейне контент, фото-видео; жарнамалық бейне-ролик дайындау; сайттарға, әлеуметтік желілерге ақпараттандырумен қамтамасыз ету. Жасақталған сома 1150000 теңге.

4. 27.12.2025ж. Дина Нұрпейісова атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі «Шоу» концерті бойынша, баннер (3м x 6м): 40 дана, бағдарлама шығару: 100 дана, шақыру билеті: 100 дана, афиша: А2 (40 дана), А3 (40 дана), ПТС қызметі, бейне контент, фото-видео, жаналық бейне-ролик дайындау 1 дана және афиша, баннер, шақыру билеттерін таратумен қамту. Жасақталған сома 1700000 теңге.

Оркестр мен "Caspian NEWS" ЖШС-і арасында 2026ж. 10 ақпан айында № 990240007028/260013/00 мемлекеттік сатып алу шарты 12 390 000 теңгеге жасақталды. Шарт бойынша көрсету қызметі 31 желтоқсан 2026 жылға дейін.

1. 27.02.2026ж. Оркестрдің ұйымдастыруымен өткен «Бабадан аманат» дәстүрлі ән-күй кеші бойынша, баннер 3м*6м 20 данада; бағдарлама шығару 40 данада; Шақыру билет 100 данада; афиша А2 – 40 данада А3 40 – данада; ПТС қызметі; бейне контент, фото-видео; Жарнамалық бейне-ролик дайындау; сайттарға, әлеуметтік желілерге ақпараттандырумен қамтамасыз ету; афиша, баннер, шақыру билет эскизі дайындалды. Жасақталған сома 1177621 теңге



IV. Қорытындылай келе, ішкі талдау жүргізілген кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдер анықталған жоқ.

Есеп бөлімі мен мемлекеттік сатып алу саласы қызметкерлері тарапынан заң бұзушылықтар тіркелмеген.

Оркестр қызметкерлерінің тарапынан жоспарланған іс-шаралар бойынша уақытылы өтілуде, заңды мүдделерін іске асыруды қиындататын қандай болса да заңсыз іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) анықталған жоқ.

Қызметкерлер қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша Оркестрдың интернет-ресурсында жариялансын.

№ р/н	А.Ә.Т	Лауазымы
1.	Сүйекбаев Хамил Қосшығалиұлы	Басшы 
2.	Құмарова Анар	Зангер 
3.	Мендигалиева Алтын Нурлановна	Комплаенс – офицер 